

Сейітқазы З.С.*

гуманитарлық ғылымдарының магистрі, №102 ЖББОМ. Шымкент, Қазақстан

**«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТІНІҢ
ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНЕ ЫҚПАЛ БЕРГЕН
ЖАНАШЫРЛЫҚ ҚЫЗМЕТІМЕН ТАРИХЫ**

***Автор - корресподент: salikhazhappar@mail.ru**

Түйін: Газет - әрбір азаматтың өмірлік маңызы бар мүдделерін қорғауға шыншыл да жан-жақты ақпарат ала отырып, қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістер мен оқиғаларға объективті көзқараспен қарап, дұрыс әрекет жасауға мүмкіндік беретін бірден бір құрал. Ахмет Байтұрсынов «Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп баға берген болатын, уақыт өтсе де газет өз маңызын тура осы тұрғыдан жоғалтқан жоқ. Мемлекетте жүргізіліп жатқан саяси реформалар мен экономикалық өзгерістер халыққа БАҚ арқылы таныстырылып отыр. Қазақ газеттерінің мақсаты - ақпарат жеткізуден бұрын ұлтқа руханият таратушы болуы қажет. Сондай-ақ ХХІ ғасырда баспасөздің рөлі бұрынғыдан күшеймесе, кеміп отырған жоқ. Өйткені, баспасөздің рөлін оның санымен емес, ұлттық мүддеге негізделген қызметімен өлшеуге болады. Газетке тек ақпарат жеткізуші құрал ретінде қарауды тоқтату керекпіз. Газет ақпаратты таратумен ғана шектеліп, ешқашан жетістікке жете алмайды. Себебі бұл қоғам техниканың, интернеттің дамыған заманында Сіздің ақпаратыңызға зәру емес. Ақпаратты газет беттерінде ең ерте бердім дегеннің өзінде кемінде бір күннен кейін бере аласыз.

Кілт сөздері: Оңтүстік Қазақстан, Цифрлы Қазақстан, ақпарат, газет тарихы, рухани құндылығы, экономика.

Кіріспе. Мақтанышпен айта алатын артымыздағы тәуелсіздіктің отыз жылдық қазақ журналистикасына да жаңа дем сыйлады. Осы өзгерістер салдарынан Оңтүстік өлкеміздегі «Оңтүстік Қазақстан», «Шымкент келбеті» газеттерінің тақырыптық ерекшеліктері ауысып, қазақ баспасөзі жаңа сатыға аяқ басты. Бүгінгі жаңалық - ертеңгі тарих. Сол себепті қазақ газеттеріндегі бүгінгі көріп жүрген тақырыптар ертеңгі күні тарихтың үніне айналады. Баспасөзде басылып шыққан дүние қашан да бірден-ақ елдің бет-бейнесіне айналмақ. Сондықтан да газет тақырыптарының маңыздылығы мемлекеттік деңгейде болуы тиіс.

Бүгінде қоғамның тыныс-тіршілігін оқырманымен бөліскен қазақ баспасөзі қарашанырағының оңтүстіктегі өкілі - «Оңтүстік Қазақстанның» тарихы 96 жылдық белесті артқа тастаған қуанышты мереке қарсаңының куәсі болып отырмыз. Айтса айтқандай, заманамен үндес болған «Оңтүстіктің» егемендік алған кезеңдегі атқарған жұмыстары жетерлік.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарға дейінгі газет бірқалыпты демеуші-құрылтайшылардың көмегімен қиындық көрмей, республиканың өзге газеттері сияқты апта сайын бес реттен шығып отырған. 1978 жылы республикада әр облысты қамтитын дербес «Баспа» дирекциясы құрылып, облыстық, аудандық редакциялардың кіріс-шығыс қаржы есебі солардың міндетінде еді. Ұжымның міндеті сапалы басылым дайындап берумен шектелетін. Сөйтіп 1990 жылы газет 90571 данамен таратылып, жүйелі түрде өз оқырмандарының қолына тиген.

1990 жылдың соңында «Баспа» дирекциясы таратылып, барлық газеттер дербестік алып, тәуелсіз қоғамдық облыстық, аудандық саяси газет болып қалды. 1992 жыл үшін 80600 дана жазылымшылардан түскен қаржысымен күнкөріс басталды. 1991 жылы еліміз егемендік алғанда жұртшылық қатарлы журналистер де қуанышқа бөленді. Осы жылдың сәуір айында газетте 22 жыл үзбей редакторлық еткен адал да өте шыншыл, облыстық газетті биік мәртебеге жеткізген облыстың халық депутатты, облыстық кеңестің ғылым,

халыққа білім беру, мәдениет және тіл, жариялылық, ұлттық және ұлтаралық қатынастар мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Әмірсейіт Әлиевтің беделімен «Оңтүстік Қазақстан», «Южный Казахстан» және «Дустлик байроғи» редакция ұжымдары таратылған Еңбекші аудандық атқару комитетінің ғимаратына қоныс аударды. «Баспа» дирекциясынан қоржында қалған қормен 1991 жылды да сәтті аяқтаған.

Редакция үшін ең ауыр жыл 1992 жыл болыпты. Алты айға жазылған 62000 дананың ақшасымен газет шығыны мен ұжымды тербету оңайға соқпады. Құрылтайшылар қаржы бөлуге асықпады. Нарықтық қатынас дүрбелеңі жанжақтан қыспаққа алды. Мақала жинау, баспаханада теру, қажетті материалдармен қамтамасыз ету, қағаз мәселесі, баспадан шығару сияқты ақылы қызметтер түгелдей редакция еншісінде қалып қойды. Облысқа алғашқы әкім болып келген Марс Фазылұлы Үркімбаев әкімшілікте сала мамандары тағайындалғанымен, қаржы мәселесін шешуде түйінін таппаған еді. Ұжымның жалақылары да өте төзгісіз жағдайда болғанымен, келешектен үміттерін үзбеген-ді.

1992 жылы 8 мамырда редакцияда жалақы мәселесі талқыланып, Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 25 сәуірдегі «Жалақыларды арттыру, республикада бағаны реттеу» қаулысына сүйене отырып, облыстық халық кеңесі депутаттарының 1992 жылғы 1 мамырдағы келісімі бойынша ұжым мүшелерінің жалақылары 100 пайызға көбейтілді. Соның өзінде редактордікі бес мың сомға да жетпей, үй сыпырушынікі бір мың сомға да таянбай тіршілік жалғаса түсті.

Осы жылдың тамыз айында зейнеткерлік жасына толуымен Әмірсейіт Әлиев редакторлықты Кәрім Үкібаевқа тапсырды. «Жас келсе іске» демекші, жаңа редактордың алдында бұрын-соңды болмаған нарықтық экономиканың қыспағы алаңдаушылық танытып, газет аптасына 5 реттің орнына 3 реттен шығуға мәжбүр болды. Ол облыстық кеңес пен облыстық әкімшілікке жүгініп, солардың тікелей қаржылай көмегі арқасында газеттің 156 нөмірі кідіріссіз шықты.

Ал, 1993 жылы бірінші жартыжылдыққа жазылу 240, екінші жартыжылдыққа - 1000 сом белгіленгенмен, ақша күннен күнге құнсызданып, жазылып алушылардан түскен қаржы почта қызметкерлері мен баспахана төлемдерінен артпай қалды. Өйткені, почташылар тасымалдауын 9 есеге көбейтсе, Ресейден келетін қағаз құны шарықтап өсіп кетті. 17000 дананы шығаруға кемінде 180 тонна қағаз қажет екенін ескерсек, есеңгірейтін жағдайға тап боласыз. Құнсызданған Ресей сомы қараша айында теңгеге теңгеріліп, шығысымыздан шығынымыз әлдеқайда асып түскен еді. Дегенмен редакция алқасы нарықтық қатынасқа икемделіп, коммерциялық жарнама-хабарландыруларға ден қойды. Жыл соңында шығару мен таратуға жұмсалған 334500 теңгенің 213500 теңгесі жаздырып алушылар мен ақылы жарнамалар күшімен жабылса, қалған 121000 теңгені облыстық кеңес пен облыс әкімшілігі берлі Жетістіктеріміз де жоқ емес. Облыс әкімшілігі әперген қос компьютерді меңгеріп, газеттің сапалы шығуын жақсартта түстік.

Есеңгіреткен нарық қыспағы 1994 жылда да жалғаса түсті. Қолда қаржы болғанымен, қағаз тапшысы бүкіл республика газеттерін де сары уайымға салды. Ресейден қағаз тасымалдаушы компаниялар бітімге келе алмай, нақты шарт жасаспау арқасында қажетті қағаздар әкелінбеген, оны әкелгенде де күн санап бағасы көтеріле түскен. 43000 данамен басылып шығатын газет аптасына үш реттен бір ретке түскен кездері болды. Облыс әкімшіяты мен облыс мәслихатынан бөлінген 5 миллион теңгенің небәрі 50 пайызы ғана редакция шотына құйылды. Ұжым үшін қажетті бұйымдар, жиһаздар, күрделі жөндеулер тоқтатылды. Журналистер мен басқадай қызметкерлерге жалақыдан тыс ретік қосымша жалақы беріліп, олардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге мұрындық таныттық. Сөйтіп, газеттің 70 жылдық мерейтойын да нарықтың қыспағының қоршауында тұрып қарсы алған еді.

Бүгінгі таңдағы газет тарихына келер болсақ бірқатар кешілік тұстарымен мен өқатар «Оңтүстік Қазақстан» газеті жүз жылдық межесі қарсаңында қиындыққа жолығып отыр: «Оңтүстік Қазақстан» облыстық қоғамдық-саяси газеті редакциясы» ЖШС-ның есепшоты бұғатталып тасталған және ол бірнеше ай бойы тендерлерден сыртқа қалды. Ведомство

қандай айып тағуда? Бұған Қаржы министрлігінің 2020 жылғы 26 ақпандағы N91236-02-20 бұйрығы негіз болыпты. Құжатқа ведомствоның уәкілетті тұлғасы Марат Жексембин қол қойған. Қаржы министрлігінің түсіндіруінше, басылымға «мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтару» деген айыпталып отыр. Себебі, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 44-бабының 1-тармағына сәйкес, егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші белгіленген мерзімде тапсырыс берушіге тиісті мемлекеттік сатып алу туралы келісімшартқа қол қойып, ұсынбаса, онда ол «мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарды» деп танылады.

Редакция тендерде жеңіп шыққанымен, белгіленген мерзімде сол шартқа қол қоймаған. «Заңға сәйкес, «Оңтүстік Қазақстан» облыстық қоғамдық-саяси газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз (адал емес) қатысушысы деп танылды. Бұл тізімде болу мерзімі бұйрық бекітілген күннен бастап 24 айға белгіленді. Бұйрық қол қойылған күні күшіне енді», - дейді меморган. Адал емес, яғни жосықсыз жеткізуші атанып, биліктің «қара тізіміне» ену - кез келген кәсіпкер үшін жойқын соққы. Өйткені соның кесірінен бірде-бір мемлекеттік сатып алу конкурсына қатыса алмай қалады. Демек, ұжымын «асырайтын» қаражат таппай, жабылып қалуы да ғажап емес. Газеттің уәжі қандай? Қазіргі дағдарысты шақта кез келген ақпарат құралы үшін мемлекеттік қаржыландыруға қол жеткізу - «құтқару шеңберіне» тең. Онда не себепті редакция басшылығы құжатқа қол қоюдан бас тартты? Мұның мән-жайын «Оңтүстік Қазақстан» облыстық қоғамдық-саяси газеті редакциясы» ЖШС-нің директоры – бас редактор Абай Балажан жария етті.

Барлығына облыс әкімдігі жүргізген өзгерістеркін әлі болса керек. «Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті өткізген мемлекеттік сатып алу конкурсының баға ұсынысына қатысып, біз биылғы 12 ақпанда жеңімпаз деп танылды. Осы мекеме артынша, 20 ақпанда №74 келісімшартты жіберді. 5 жұмыс күні ішінде оны бекітіп, кері жіберуіміз қажет-тін. Алайда біз келісімшартқа қол қоя алмадық», - деді ол. Неге? Себебі, Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев осы жылғы 30 қаңтардағы қаулысымен «Turkistan Media Holding» ЖШС-ын құрып, «Оңтүстік Қазақстан» газетін сол мекеме құрамына өткізіп жіберіпті. «Біз келісімшартқа қол қояр кезде «Turkistan Media Holding» ЖШС өз бұйрығымен біздің редакцияның электронды қол қою кілтін алып қойды (ЭЦҚ-ны жойды).

Бұл уақытта цифрлық қолымыз еш жерге жүрмейтін. Біз қарсы шығып, жаңа құрылымның - медиахолдингтің заңсыздығын айтып, облыс әкіміне хат түсірдік. Содан кейін құзырлы орган мәселені қайта қарап, 2020 жылғы 1 сәуірде біздің әу бастағы құрылымымызды қайта қалпына келтіру туралы жаңа қаулыға қол қойды. Біз осылайша өз құрылымымызды сақтап қалдық», - дейді Абай Бекназарұлы. Бүгінде газеттің шығу деректерінде: «Құрылтайшысы - Түркістан облысының әкімдігі. Меншік иесі - «Оңтүстік Қазақстан» облыстық қоғамдық-саяси газеті редакциясы» ЖШС» деп жазылған. А.Балажан Қаржы министрлігі комитетінің жосықсыз өнім беруші деп тануы салдарынан басылым 7 айдан бері мемлекеттік сатып алу конкурстарына қатыса алмай жатқанына қапаланады. «96 жылдан бері үзбей шығып келе жатқан, таралымы тұрғысынан елде алдыңғы орындардың бірінде тұрған (таралымы - 34 мың 755 дана деп көрсетілген) газет редакциясы жыл сайын бюджетке 15-17 миллион теңгедей қосымша құн салығын құятын. Ал соңғы 8 айда бұл көрсеткіш небәрі 5 миллион теңгені құрап отыр. 52 адам жұмыс істейтін мекемеде қызметкерлерге жалақы төлей алмай қалу қаупі туындауда.

Бір сөзбен айтқанда, біз келісімшартқа заңды әдейі бұзып қол қоймай қойған жоқпыз. Өзімізден жоғары тұрған органдардың шешімімен электронды қол қою кілтін өткізіп жібергендіктен ондай мүмкіндіктен айырылды. Кейін елде коронавирус пандемиясы өршіп, карантинге жабылды», - дейді кәсіпорынның директоры әрі бас редактор Абай Балажан. Осыған орай редакция Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтан басылымды «мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы» деген тізімнен алып тастауды өтінеді. Дегенмен, барлығы заң аясында жасалғандықтан оңтүстікқазақстандық журналистерге екі

жылдай басқа тәсілдермен өз күнін өзі көре тұруына тура келетінге ұқсайды. Бұл оқиға құрылтайшыларға бизнесті қалай жүргізуге болмайтындығының бір үлгісін көрсетсе керек.

Қазақ баспасөзіндегі жарнаманың тіл тазалығын сақтау өзекті, себебі жарнама тек нарықтық қарым-қатынастың емес, мәдени, саяси өмірдің көрсеткіші. «Оңтүстік Қазақстан» газеті сыртқы жарнамаға үлкен көңіл бөледі. Газет редакциясы рейд жүргізіп, кемшіліктерді анықтайды. Көшедегі жарнамалардың дені орыс тілінде болса, мекемелердің маңдайшасында, тіпті ағылшын тілінде ғана жазылған атаулар бар. Газеттегі жарнамаға байланысты материалдарда жарнаманың тілдік мәдениеті мен мазмұнының сауатсыз, сөздік қорының жұтаң, сөз саптауының мардымсыз екендігі, қазақшадан тікелей аударылған, сөйлем құрылымы орысша екендігі сыналады: Жуырда Шымкент көшелерінде артық-ауыс сөзі де, суреті де жоқ «Бәріне береміз», «Всем даем» деген билбордтар ілінді. Не жарнамалап отырғанын кім білсін, әйтеуір баспасөз беттерінде осы жөнінен бірді-екілі сын мақала жарияланған соң, аталған жарнама алынып тасталды» [4,240бет],- дейді. Аталған билбордтардың алынып тасталуына «Оңтүстік Қазақстан» газетінің де үлесі бар. Газет бетіндегі жарнама мен редакция материалдарының арасындағы үлестік қатынас сақталуы керек. Жарнаманың басылымдағы тұрақты орнының болғаны дұрыс. Бүгінде көптеген газеттердегі (әсіресе тәуелсіз) жарнама мен журналистік мәтіннің ара салмағы 50х50, бұл дұрыс емес, жарнама ешқашан журналистік материалды ығыстырып шығармауы тиіс. Мұндай газетке көп кешікпей оқырман қызығушылығын жоғалтады. Редакция басылымның ерекшелігін ескеріп, нарықты үнемі зерттеп отырса, мұндай жағдай орын алмайды. Жарнаманы тиімді орналастыру да шеберлік. «Оңтүстік Қазақстан» газетіндегі жарнамалар «Жаршы» деген арнаулы бетте топтастырылып беріледі. Бұл оқырмандар үшін өте тиімді

Негізгі бөлім.«Оңтүстік Қазақстан» газетінің халықтың әлеуметтік экономикалық және жастар тәрбиесіне деген жанашырлық қызметі тарихы» Ахмет Байтұрсынов «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп баға берген болатын, уақыт өтсе де газет өз маңызын тура осы тұрғыдан жоғалтқан жоқ. Мемлекетте жүргізіліп жатқан саяси реформалар мен экономикалық өзгерістер халыққа БАҚ арқылы таныстырылып отыр.

Цифрлы Қазақстан кезеңіне өтіп жатқанымызбен алыс ауылдарға интернет желісі толық қамтылған жоқ. Сондықтанда газет халыққа күнделікті жаңалықты жеткізіп отыратын жаңалық көзі. Осы мақсатта Түркістан облысының ресми газеті «Оңтүстік Қазақстан» өзінің тарихын 1924 жылдан бастаған бүгінгі таңда аптасына үш рет басылып шығады. Экономиканы соның ішінде ауыл шаруашылығын көтеру мақсатында шаруаларға бөлініп жатқан субсидиялар жайлы халыққа жариялап отырады және нәтижесін күнделікті баспасөз бетіне жариялап келеді.

Сөзімізді дәлелдер үшін 2021 жылы 22 сәуірде жарық көрген «Қазығұртнесие» кредиттік серіктестігінің басқарма төрағасы Е.Жүзбаевтың «Қолжетімді несие шаруаларға үлкен көмек» мақаласында «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ауыл шаруашылығын барынша дамытуға, шағын және орта бизнесті жедел өркендетуге тоқталып, оларға екінші деңгейдегі банктер мен микрокредиттік қаржы ұйымдарынан бөлінетін несие көлемін жылдан-жылға арттыру жөнінде тапсырма берді» деп жолдаумен таныстырса, мұны жүзеге асырып келе жатқан «Қазығұрт ауданында 2003 жылы құрылған «Қазығұртнесие» серіктестігі ауыл шаруашылығын несиелендіру бойынша тыңғылықты шаруалар атқарып келеді» деп серіктестіктің жұмысы жайлы таныстырып өткен. Мемлекеттің берген несие халықты жұмыспен қамтып әлеуметтік жағдайын жақсартып келе жатқандығымен таныстыруда. Соңғы үш жылдан бері несие желісі жабық тұрған серіктестіктің жұмысы жүріп, шаруа қожалықтарын жеңілдетілген несиелермен қаржыландыра бастады. «Атап айтсақ, былтыр «Іскер» бағдарламасы арқылы мал басын көбейту мақсатында «Балнұр» шаруа қожалығы 5 900 000 теңге, «Рауан» шаруа қожалығы 6 600 000 теңге 6 пайыздық жеңілдетілген несие алып, өз жұмыстарын бастады» деп анық мысалдар келтіріп кеткен. «Сондай-ақ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның қаржыландыруымен мал өсіру және оны бордақылау үшін «Агробизнес» бағдарламасы аясында бүгінге дейін 10-ға жуық шаруа қожалығы 9-16

пайыздық екі жылдық каникулымен жалпы сомасы 105 850 000 теңгеге несие алды. Атап айтар болсақ, «Қымбат» шаруа қожалығы 21 000 000 теңге алып, шаруасын дөңгелетіп отыр. Ал, «Сәулембеков» және «Турабаева» жеке кәсіпкерліктері әрқайсысы 4 900 000 теңгеден несиеге қол жеткізген. «Сейдалиев» жеке кәсіпкерлік ұйымы болса 5 600 000 теңге қаржы алған. «Елтай» шаруа қожалығы 8 850 000 теңге, «Сәменсай» шаруа қожағылығы 13 600 000 теңге несиеге ие болған. «Абилда ата» өндірістік кооперативі 34 500 000 теңге қаржы алып, ісін дөңгелетіп отыр» деп шаруалардың мемлекеттік бағдарламаны қалай жүзеге асырып отырғанынан мысалдар келтіріп өзге шаруаларға да несиені қалай жұмсау қажеттігін түсіндіріп экономикалық сауаттарын көтеруде үлкен үлес қосып отыр.

Газеттің осы номерінде жарық көрген «Алғашқы өнім экспортқа шықты» мақалада Түркістан облыстық өңірлік коммуникациялар қызметі берген мағлұматта Жетісай ауданы Өл-Фараби ауылының диқандары ақпан айының басында еккен қырыққабаттың алғашқы өнімін экспорттағандығын баяндайды[2,32].

Бұл мезгілде Қазақстанның басқа өңірлері енді ғана қыс құрсауынан шығып жатқанда оңтүстіктің диқандары алғашқы өнімдерін сатып өз еңбектерінің нәтижесін көре бастады. Бұл да оңтүстік өңірінің егінге қолайлылығының жемісі. Шаруа қожалығының төрағасы Бекзат Сәбденов: «Қыс мезгілінде шаруа қожалығымызға тиесілі 10 гектар жерге қырыққабаттың 50-55 күнде ерте пісетін «Зарисма» сортын ектік. Егілген көшеттердің барлығы өзіміздің жылыжайда өндірілген. Жалпы 10 гектарға егілген өнім көлемі 40 центнерді құрап отыр. Бұл кеткен шығындарымыздың толық ақталғанын білдіреді. Артылған 40 тонна қырыққабат Белоруссия еліне жөнелтілетін болады» деп өнімді шет елге де шығаратындығымен таныстырды. Жетісай ауданы ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Марат Әбуовтың айтуынша, өңірде биыл 1 080 гектар аумаққа ерте пісетін қырыққабат егілген. Былтыр диқандар қырыққабат дақылынан 36 мың тонна өнім алған. Бүгінде егін шаруашылығымен айналысатын аудан халқы 78 500 гектар аумақты игеріп отыр. Қазір аудан бойынша 1 300 гектарға көкөніс, 10 мың гектарға бақша дақылдары егілгендігімен таныстырды.

Осы номерде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ауыл шаруашылығы саласын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін еместігін алға тартқан болатын. Оның ішінде балық шаруашылығына да ерекше мән беруді тапсырған еді. Бүгінде балық өсіру бойынша елімізде Түркістан облысы көш бастап тұр деп жарияланды. Облыс аумағында тауарлы балық өсіруге жарамды 134 өзен-көл бар. Оның 88-і балық шаруашылығын дамыту мақсатында пайдаланушыларға берілген. Ал, қосымша 46 су айдыны қайта конкурсқа қойылып, осы жылдың екінші жарты жылдығына дейін толығымен бекітілетін болады.

Түркістан облысы бойынша 133 кәсіпорын жылына 8 мың тоннадан астам балық өсіреді. Оның ішінде Шардара ауданындағы «Хамит» СТК, Сайрам ауданындағы «Көмеш балық» ЖШС және Түлкібас ауданындағы «First fish company» ЖШС сияқты үш ірі кәсіпорын бар деп «Балық экспортына басымдық берілді» мақалада таныстырды.

Мемлекет тарапынан акваөсіруге пайдаланылатын азықты сатып алуға жұмсалатын шығындардың 30 пайызын субсидиялау балық шаруашылығын дамытуға үлкен септігін тигізген. Нәтижесінде өткен жылы өңірдің тауар өндірушілері жоспардағы 1 600 тоннаның орнына 2801,7 тонна балық өнімдерін өндірді. Өндірілген өнім Әзірбайжан, Грузия, Израиль, Ресей, Қытай және Өзбекстан елдеріне экспортталды.

29-сәуір күнгі номерінде «Қайта қаржыландырудың тиімділігі мол» мақаласында кредит бойынша ай сайынғы төлемді бірнеше минутта қалай төмендетуге болады сұрағына жауап берген. Маңызды! Акция басталды және де ол 2021 жылғы 31 мамырға дейін жүргізіледі деп халыққа жарнама бере отырып қайта қаржыландырудың тиімділігімен таныстырған.

Қазақстандықтарда кредиттері болуы ешкімді таңқалдырмайды - бірі көлік немесе тұрмысқа керекті техника сатып алса, басқалары – үйлі болу үшін ипотека алады,

үшіншілердің қарыздары бар деген сияқты, себептері де бірнешеу болуы мүмкін.

Қалайша? Біздің жауабымыз: өз кредитіңізді қайта қаржыландыру арқылы.

Кредитті қайта қаржыландыру – бұл ескі кредитті жаңа кредит есебінен бұрынғыдан тиімді және қолайлы талаптармен өтеуге мүмкіндік беретін банк қызметі. Назар аударыңыз, түрлі банктердегі бірнеше қарыздарды бір банктегі бір қарызға қайта қаржыландыруға болатындығымен таныстырып халықтың қаржы сауаттылығын ашуға үлес қосып отыр.

Қалай жүргізілетіндігі, қайта қаржыландыруды неден бастау қажеттігі жайлы толық түсінік берген.

«Nalyk Bank-те қайта қаржыландырылған кредиттің мерзімі бес жылға дейін, ал, қайта қаржыландырылатын қарыздың сомасы – 150 мың теңгеден бастап 7 миллион теңгеге дейін» деп мағлұматтар берген.

19-сәуір күнгі шыққан номерінде «Оңтүстік»-ақпарат мынандай мәлімет берген.

«Бизнестің жол картасы–2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында қолдау көрген өндіріс орны бүгінгі таңда өз өнімін тек ішкі нарықта ғана саудалап, жергілікті тұтынушылардың сұранысын қанағаттандырып отыр. Ал, шикізатты «Шұбар» асыл тұқымды кешені», «Delice», «Сынар Групп» сынды жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінен алады екен.

Ел экономикасын еселеуге елеулі үлес қосатын ауыл шаруашылығы саласы екені белгілі. Бейнеті мен зейнеті қатар жүретін саланың дамуына барынша жағдайлар жасалып, түрлі жеңілдіктер қарастырылып келеді. Әрине, күрмеуі шешілмей келе жатқан мәселелер де бар. Дегенмен, жүйелі жоспарлар жасалып, ел игілігі үшін атқарылған ауқымды істер де аз емес. Мәселен, биыл мал шаруашылығы өнімдерінің импортын алмастыру және қайта өңдеу кәсіпорындарының қуатын арттыруға байланысты ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, кәсіпорындар салу және жаңғырту бойынша бірқатар инвестициялық жобаларды іске асыру жөнінде жоспар құрған. 30-наурыз күнгі санында ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаментінің директоры Еркебұлан Ахметов саладағы іске қосылатын өндірістік кәсіпорындар туралы сұхбат берді. Оның айтуынша, биыл асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға қыруар қаржы бөлініп отыр. «Асыл тұқымды мал басын көбейтуді, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін ұлғайтуды, оның сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруды ынталандыру мақсатында мемлекет фермерлерді жергілікті бюджеттен екі бағыт бойынша тікелей субсидиялау арқылы қолдау шараларын жүзеге асырады.

Сондай-ақ ХХІ ғасырда баспасөздің рөлі бұрынғыдан күшеймесе, кеміп отырған жоқ. Өйткені, баспасөздің рөлін оның санымен емес, ұлттық мүддеге негізделген қызметімен өлшеуге болады.

«Елу жылда - ел жаңа, жүз жылда - қазан» деген. Сонымен, облыс баспасөзінің қара шаңырағы - «Оңтүстік Қазақстан» газетіне 96 жыл толып отыр. «Оңтүстік Қазақстан» газеті – өзіндік өрелі тарихы бар, бағыт-бағдары айқын, облыс жұртшылығы сүйсіне оқитын, тамыры тереңнен бастау алатын беделді басылымдардың бірі [6,12бет]. Сондықтан да «Оңтүстік Қазақстан» газетінің мерейтойы бүкіл қазақ жұртының ортақ қуанышы, ортақ мерекесі деп айтуға болады.

Бір ғасырға жуық бай тарихы бар «Оңтүстік Қазақстан» газетінде Халел Досмұхамедов, Нәзір Төреқұлов секілді ұлт жанашырларының қаламының ізі қалған. Сондай-ақ, Ораз Жандосов, Ораз Исаев, Бейсенбай Кенжебаев сынды көрнекті тұлғалар редакторлық қызмет атқарған. «Оңтүстік Қазақстан» газеті ресми түрде 1924 жылы 26 қарашадан бастап шыға бастады делінген. Зерттеушілер дерегіне сүйенсек, газеттің шығу тарихы одан әріде жатыр. Ресми түрде бекітілген датамен есептегенде биыл 96 жыл толып отыр. Аталмыш газет тарихқа бай. Оның алғашқы сандары Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов ағаларымыздың қолдауымен шығарылған. Бұл газеттің шығуына Нәзір Төреқұлов сынды белді тұлғалар атсалысқан. 96 жылдың көлемінде қазақ халқының басынан өткен тарихты газет те өз басынан өткерген. 1929 жылы астана Алматы қаласына көшірілгеннен

кейін Сырдария округтік партия комитеті мен атқару комитетінің органы ретінде «Ленин жолы» деген атпен газет өз алдына бөлек отау тікті.

Кейін округтер таратылып, аудандар тікелей республика орталығына қарағанда «Ленин жолы» газеті Шымкент аудандық партия комитетінің, аудандық кеңес атқару комитетінің және аудандық кәсіподақ бюросының органы ретінде шығып тұрды.

1932 жылдың көктемінде республикада қайтадан облыстар құрылды. Осыған орай, «Ленин жолы» газетінің негізінде облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газеті шыға бастады. «Оңтүстік Қазақстанның» негізі саналатын «Ақ жол» газеті өмірге келген алғашқы жылдарда қазақтың даңқты да аяулы перзенттері – Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Ораз Исаев редакторлық қызмет атқарды.

Газетті 1925-1926 жылдары Қуат Құлетов, 1926-1929 жылдары Сейілбек Үсенов деген азаматтар басқарды. 1929 жылы «Ленин жолы» деген атпен шыға бастаған газетке талантты журналист Кенжеғали Абдуллин жетекшілік етті. Ашаршылық, репрессия, Ұлы Отан соғысы, тың игеру жылдары сынды оқиғалардың баршасының шежіресі осы «Оңтүстік Қазақстан» газетінің беттерінде сайрап тұр.

Қазақстанда компьютер алғаш қолданысқа енген кезінде ең бірінші тәжірибе жүзінде іске асырып, қолданған басылым - осы «Оңтүстік Қазақстан» газеті болды 2014 жылы газет таралымы 33 000 дана болды. Ол 49 000 данаға дейін жетіп, қазіргі таңда қаламыз облыстан бөлініп, өз алдына мегаполис болғандықтан, таралым саны сәл азайып, орта есеппен алғанда 40 000-ның төңірегіне жуықтады.

Жалпы газеттің ерекшелігі - рухани құндылығында. «Оңтүстік Қазақстан» газетінің өзіндік миссиясы бар. Ол – мән, мағынасы мен маңызын жоғалтпай, тіл жанашыры, адамзат қауымына рухани тәрбиеші болу. О бастан осы бағытты ұстанып келеді. Кеңес кезінде қазақ халқының басына қара бұлт үйірілген заман, ұлтымыздың жойылып кету қаупі болған кездер де болған. Мұндай сәттерде елдің экономикасы емес, руханияты алып шығады. Соны білген Оңтүстік өңірінде аға, апаларымыз 1957 жылдан қолға алып, 1958 жылдан бастап қазақ күресін өткізіп келе жатыр. Ол кездері мұндай жарыстар жоқтың-қасы. Сондай қиын сәттерде де, қаражат пен қағаз тапшылығы туындаған заманда да «Оңтүстік Қазақстан» газеті үздіксіз жарыққа шығып тұрған.

2017 жылдан бастап газет мектеп оқушылары арасында батырлар жырын жатқа айтудан облыстық байқау өткізіп келеді. Мақсаты - балаларды халық поэзиясына, қазақ халқының рухани асыл мұрасына деген сүйіспеншілікке және патриотизмге тәрбиелеу, елдік пен ерлік рухын, намысшылдық, қайсарлық қасиеттерді сезіндіру болып табылады. Руханияттан ажырамаудың бір жолы - эпостық жырларымыздан, тарихымыздан сусындау. Эпостық жырдан нәр ала білген бала өзінің ата-бабасының ержүректігін, батырлығын көріп, бойына батылдықты сіңіріп, Отанын, елін, жерін қорғаудан аянбайтын, енжарлық танытпайтын, жат елдің руханиятына ешқандай бой алдырмайтын болады. 2017 жылы алғаш рет Қамбар батыр жырын жатқа айтудан байқау өткізді. Бірінші орын алған балаға - 200 000 теңге, ал оны дайындаған ұстазына автокөлік мінгізді. 2018 жылы Алпамыс батыр жырын жатқа айтуды ұсынды. Ол кезде де жүлде қоры солай болды. [3,150бет],2019 жылы Қобыланды батыр жырын жатқа айтуды тапсырды. Бұл жолғы жүлде қоры үш-төрт есе көбейген екен..

Адамзат тәрбиесінде ананың рөлін көріп, біліп жүрміз. Алайда әкенің тәрбиесі де маңызды екенін ұмыт қалдырып жатырмыз. Сондықтан әкелерге арналған айдар газет бетінен табылып бүгінгі жастардың бойында патриоттық тәрбиенің де кенде қалып жатқан тұстарын толықтыруға тырысуда. Әскерге баруға ықыласы жоқ жастардың да бары жасырын емес. Осы тұрғыда «Мен әскерде жүргенде...» атты айдар ашып, онда қазақтың танымал тұлғаларының әскерде болған сәттерін, оның өзіндік қызығы мен шыжығын айту арқылы өзіндік әсерімен бөлісуі көрініс табады. Сол арқылы жастарды әскерден қашпай, ержүрек те батыл болуға баулуды дәріптеуде.

Тағы бір айдар «Нағыз дәрігер» деп аталады. Бұл өз саласының шебер маманы, адам өмірін ажалдан арашалап жүрген нағыз дәрігерлерді елмен етене таныстыру негізінде

жасалған айдар екен. Жалпы мұндай әрекеттердің бәрі - елге жақындаудың амалы. Қазіргі таңда көптеген газет беттерінен белең алып, көрініп жүрген «Бүгінгі сөз» деген айдардың өзі алғаш осы «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жарыққа шыққан. [3,54бет].

Газетке тек ақпарат жеткізуші құрал ретінде қарауды тоқтату керекпіз. Газет ақпаратты таратумен ғана шектеліп, ешқашан жетістікке жете алмайды. Себебі бұл қоғам техниканың, интернеттің дамыған заманында Сіздің ақпаратыңызға зәру емес. Ақпаратты газет беттерінде ең ерте бердім дегеннің өзінде кемінде бір күннен кейін бере аласыз. Ал оған дейін радио, теледидарды айтпағанда, әлеуметтік желінің өзінде сол сәтте шығып кетеді, яғни ақпарат ескіріп, маңызын жоғалтады.[2,12бет]. Сондықтан қазақ газеттерінің мақсаты - ақпарат жеткізуден бұрын ұлтқа руханият таратушы болуы қажет. Сөздің өз иесі, киесі болады. Оңды-солды қолдана беруге болмайды.

Әлеуметтік желілер ешқашан идеология жасамайды. Идеологияны жасайтын - бұқаралық ақпарат құралдары. Сол себепті жоғары билік өкілдері басты назарды - әлеуметтік желіден бұрын бұқаралық ақпарат құралдарына аударуы қажет.

Қорытынды. Жұртымызда «Айнағақараған бойын түзейді, халқына қараған ойын түзейді» деген қанатты сөз бар. Осы қисынға салсақ, елге пайдалы газет шығару қамында жүрген редакцияның бүгінгі ұжымы қазақтың көсегесі көгере берсін деген ниеттің үстінде еңбек етуде.

Газет - әрбір азаматтың өмірлік маңызы бар мүдделерін қорғауға шыншыл да жан-жақты ақпарат ала отырып, қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістер мен оқиғаларға объективті көзқараспен қарап, дұрыс әрекет жасауға мүмкіндік беретін бірден бір құрал.

Аймақтық газет тарихына тыңғылықты зерттеу жүргізу - ұлттық мәдениеттің арнасын кеңейте түседі. Сондықтан да аймақтық журналистиканың тарихын, қалыптасу, даму кезеңдерін жүйелі түрде зерттеу уақыт талабы Қазақстанның барлық аймағы да ежелден әдебиет пен мәдениеттің рухани ошағы. Ұлттық журналистикамыздың дамуы мен қалыптасу жолына көз жіберер болсақ, барлық облыстарда кеңес заманында да, қазір де мерзімді басылымдардың көпшілігі шығып, ұлттық сөз өнерінің майталмандары журналистік шеберліктерін шыңдаған.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Шыңғысова, Н. Өңірлік мерзімді баспасөздің даму тенденциялары (қазақ тілді жарияланымдар бойынша) // фил. ғыл. докторы ғылыми дәрежесін алу дисс... авторефераты. Алматы, 2010. 25 б.
- 2 Қазақ журналистикасы. 3 томдық. 1-т. Қазақ баспасөзі. Алматы: Таймас баспа үйі, 2008. 352 б.
- 3 Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860-1958). Алматы: Мектеп, 1981. 239 б. 254
- 4 Қ.Аллаберген, Ж.Нусқабайұлы, Ф.Оразай. Қазақ журналистикасының тарихы (1870-1995). Алматы: Рауан, 1996. 244 б.
- 5 Қожакеев Т. Жыл құстары. Алматы: Қазақстан, 1991. 237 б.
- 6 Имашев С. Зарождение коммунистической печати в Казахстане. Алматы, 1970. 112 с.
- 7 Имашев С. Свет ленинских идей. Алматы: Казахстаи, 1985. 427 с.
- 8 Қасымов А. Шығыс Қазақстан облыстық газетінің қалыптасу, даму кезеңдері (1931-2006 жж.): филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.01.10. Алматы, 2009. 156 б.
- 9 Молдашева Р. Семей баспасөзі: қалыптасу және даму жолдары: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.01.10. Алматы, ҚазҰУ, 2003. 145 б.
- 10 Білдебекова А. Оңтүстік Қазақстан баспасөзінің даму проблемалары: филол. ғыл. канд. ... автореф.:10.01.10. Алматы, ҚазҰУ, 2010. 24 б.
- 11 Абишева В. Особенности публицистического стиля и проблемы культуры речи журналистов в современной региональной печати Казахстана: дис. ... канд. филол. наук.: 10.01.10. Алматы: КазНУ, 2002. 148 с.

Аннотация: Газета - единственный инструмент защиты жизненно важных интересов каждого гражданина, позволяющий объективно реагировать на изменения и события, происходящие в жизни общества, получая правдивую и исчерпывающую информацию. Вспомним слова Ахмет Байтурсынова «Газета - глаза, уши и язык народа», и с течением времени газета не утратила своего значения. Средства массовой информации духовно развивают и знакомят население с политическими реформами и экономическими изменениями, происходящими в стране. Роль прессы в XXI веке не уменьшилась, если не усилилась. Ведь роль прессы можно измерять не ее количеством, а ее деятельностью, основанной на национальных интересах. Мы должны перестать относиться к газете только как к средству, предоставляющему информацию. Газета никогда не добьется успеха, ограничившись лишь распространением информации. Потому что это общество не нуждается в вашей информации в век развития техники, интернета. Информацию можно подать не ранее, чем через сутки, даже если она была предоставлена на страницах газеты.

Ключевые слова: Южный Казахстан, Цифровой Казахстан, информация, история газеты, экономика, духовность.

Abstract: The newspaper is the only tool that allows every citizen to take a view of the changes and events in society, to receive the truth and information about interests of every citizen. The newspaper didn't lose its essence in this regard, despite the fact that it was evaluated political reforms and economic changes in the country are presented to the public through the media the goal of Kazakh newspaper is to be a transmitter of national spirituality before delivering information, Thus in the XXIst century, the press has not diminished if not increased. The press can be measured not by its number but by its activity based on national interests. It is necessary to stop treating the newspaper only as a means of transmitting information. The newspaper, limited only to the dissemination of information, will never succeed. Because this society does not need your information in the age of technology, the internet. You can give the information in at least a day, even if you have already given it to the newspaper at the earliest.

Keywords: South Kazakhstan, Digital Kazakhstan, information, history of the newspaper, economics, spiritual.